

ЖШС "Bal-Aiym2" бөбекжай -
бақшасы
№1 педагогикалық кеңесінде
ТАЛҚЫЛАНДЫ
« 27 мамыр » 2025 жыл



**ЖШС "Bal-Aiym2" бөбекжай - бақшасының
2025 – 2026 оқу жылына арналған
жылдық жұмыс жоспары**

Кіріспе

Мекеменің аты - жөні: ЖШС “Bal-Aium2” бөбекжай - бақшасы

Мекен - жайы:

Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Жосалы ауданы
Қойшыбаев көшесі, 2 үй.

Балабақшаның құрылған жылы:

02.12.2021 жыл. Бөбекжай - бақша ғимараты 1 қабатты 57 орындық қазіргі таңда 57 бала тәрбиеленуде.

Оқыту тілі: қазақ.

Негізгі бағыты:

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беру стандарты, тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасын іске асыратын білім беру ұйымы.

Мақсаты: Білім алуға барлық мүмкіндік жағдайларды жасай отырып, рухани-адамгершілік қундылықтары қалыптасқан азамат тәрбиелеу.

Топтар саны: 3

Барлық педагог мамандар саны: 8

Басқа педагогтар: 0

Білім деңгейі:

Жоғарғы білімді: _____ - _____ %

Арнаулы орта білімді: _____ - _____ %

Санаттық көрсеткіші:

Педагог - зерттеуші: _____ - _____ %

Педагог - сарапшы: _____ - _____ %

Педагог - модератор: _____ - _____ %

Екінші санатты: _____ - _____ %

Санатсыз: _____ - _____ %

Курстан өту:

2020 жыл - _____ - _____ %

2021 жыл - _____ - _____ %

2022 жыл - _____ - _____ %

2023 жыл - _____ - _____ %

2024 жыл - _____ - _____ %

Еңбек өтілі:

0 - 5 жылға дейін - _____ - _____ %

5 - 10 жылға дейін - _____ - _____ %

10 - 15 жылға дейін - _____ - _____ %

15 - 20 жылдан жоғары - _____ - _____ %

21 - ден жоғары - _____ - _____ %

Жас бойынша көрсеткіші:

20 – 30 - тан жоғары - _____ - _____ %

30 – 40 - тан жоғары - _____ - _____ %

40 – 50 - ден жоғары - _____ - _____ %

50 – ден жоғары - _____ - _____ %

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту және жетілдіру барлық үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы сатысы болғандықтан, еліміздің мемлекеттік саясатының басым бағыттарының бірі болып табылады. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 ж 27 желтоғсандаты №988 қаулысы Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды

дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы және Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2021 жылы 15 наурыздағы №37 қаулысы айқындалған Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін міндеттерді орындау мақсатында 202⁵ - 202⁶ оқу жылында мектепке дейінгі ұйым келесі міндеттерді шешуді қарастырады: баланы толыққанды дамыту-қимыл белсенділігіне, ойынға жағдай жасау, пайдалы және құнарлы тамақтандыру, достық қарым қатынас орнату және дамытушы ортаны ұйымдастыру арқылы қамтамасыз ететін баланың физикалық, психологиялық, әлеуметтік, эмоционалдық денсаулығымен бала қауыпсіздігін қамтамасыз ету. Балаларды ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға баулу, патриоттық, рухани және адамгершілік сезімдерін қалыптастыру, балалардың ерте даму үшін әлеуметтік дағдылар мен өздігінен үйрену дағдыларын дамыту, балалардың дарындылығы мен жеке қабілеттерін дамытып балаларды мектепке дайындау.

«Bal-Aium2» бөбекжай -бақшасының 202⁵ – 202⁶ оқу жылғы тәрбиелеу - білім беру қызметін:

1) «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына;

2) «Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17657 болып тіркелген) Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына;

3) «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 02 желтоқсандағы № 57 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген (2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына

4) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген), Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы (бұдан әрі 1-4 қазандағы №422 бұйрығымен бекітілген) Үлгілік оқу бағдарламасы

5) ҚР мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды санаптарында 2024 - 2025 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатын негізге ала отырып құрылды.

«Bal-Aium2» бөбекжай -бақшасының балалар бақшасында 3 топ жұмыс жасайды. Оқыту тілі қазақ, тілінде жүргізіледі.

Кіші топ (2 жастан бастап) - «Балапан» тобы

Ересектер тобы (4 жастан бастап) - «Қызғалдақ» тобы)

Аралас тобы (3 және 5 жас) - «Күншуақ» тобы

Жылдық жоспар төмендегі бөлімдерді құрайды:

I. Өткен оқу жылы атқарылған педагогикалық жұмыстың есебі

Мақсаты: Балабақшаның жетістіктері мен алдағы мақсаттарды айқындау

II. Жаңа оқу жылына қойылатын мақсаттар мен міндеттер:

Мақсаты: Мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде халық педагогикасын пайдалана отырып, тілдерін дамыту денсаулығын нығайту салауатты өмір салтын қалыптастыру.

III. Педагог мамандармен жұмыс

Мақсаты: Қазіргі заман талаптарына сәйкес мектепке дейінгі білім берудің мазмұнының сапасын және педагогтардың кәсіби біліктілігін арттыруға жағдай жасау.

- 1) Педагог мамандар туралы мәлімет.
- 2) Педагог мамандардың біліктіліктерін арттыру.
- 3) Педагог мамандардың санаттық көрсеткіш деңгейлері
- 4) Педагог мамандардың тізімі
- 5) «Bal-Aium2» бөбекжай -бақшасының тәрбиешілерінің іскерлік біліктілікті көтеру көрсеткіші
- 6) Педагог кадрлардың біліктілігін арттыру(тақырыптары)
 - а) Жас мамандар тізімі
 - б) жоспар
- 7) Педагог мамандарды аттестаттау.
- 8) Аттестаттау комиссиясының жұмыс жоспары

IV. Ұйымдастырушылық әдістемелік жұмыс

Мақсаты: Оқыту мен тәрбиелеу мазмұнының сапалық деңгейін көтерудегі педагогтардың белсенділігін арттыру

1. Педагогикалық кеңестер.
2. Әдістемелік кеңестер
3. Семинарлар
4. Кеңестер
5. Балабақша педагог – мамандардың тәжірибе алмасуы
6. Меңгеруші жанындағы кеңес
7. Өндірістік кеңестер

V. Балалармен жұмыс

1. Сауықтыру - профилактикалық жұмыс
2. Ойын-сауықтар, ертеңгіліктер
3. Рухани жаңғыру, тәрбие жұмысы

VI. Басқару және басшылық

1. Ұйымдастырылған іс-әрекеттер мен тәрбие жұмысын тақырыпты, жедел, салыстырмалы, ескерту, жан-жақты

VII. Әдістемелік кабинет жұмысы

Педагогтарға арналған әдістемелік көмек сөресінің жұмысы, кабинетті әдебиетпен толықтыру, озық тәжірибені жинақтау, өндіру, жаңашыл әдістерді педагогтарға үйретуге арналған тәжірибе - семинарлар

1. Мектеппен сабақтастық жұмыстары.
2. Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Заңының орындалуы
3. Санитарлық-ағарту жұмыстары
4. Жазғы сауықтыру жұмыстары

VI. Отбасымен жұмыс

1. Жалпы балабақшаның отбасымен ынтымақтастықта атқаратын шаралары мен әр топта отбасымен атқарылатын жұмыстары

VII. Әкімшілік - шаруашылық жұмысы

Жылу жүйесі, балабақша ғимараты, ауланы абаттандыру жұмыстары, жихаз, ойыншық, оқу құралдарымен қамтамасыз ету шаралары, азық-түлікпен қамту.

Қосымша:

1. Психолог жұмысының жоспары
2. Музыка жетекшісінің жоспары
3. Медициналық жұмыс жоспары

Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды даярлық сыныптары өз қызметінде мынадай нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады [1-4], [8-9], [11-13], [14-23]:

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>

«Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293>

«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345>

«Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000306>

«Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000343>

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000137>

«Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100023469>

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029031>

Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200008275>

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014235>

Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029329>

Білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартының нысандары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013227>

Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P080000077>

Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V090005750>

Жабдықтармен және жиһазбен жарактандыру нормалары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013272>

Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700015584>

Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарын бейнебақылау жүйелерімен жарактау стандарттары және оларға қойылатын талаптар
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900018239>

Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидалары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020883>

Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020708>

Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесі
<https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000020317>

I. Өткен оқу жылында атқарылған жұмыстың есебі

1. Жалпыға бірдей білім беру қызметін ұйымдастыру

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделінде айқындалған басты міндеттерінің бірі оқу жоспарлары мен бағдарламаларының икемділігін қамтамасыз ету арқылы педагогикалық процесті ғылыми негізде жетілдіру жолымен мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мазмұнын өзгерту болып табылады.

Бүгінгі күні аталған Модельді іске асыру мақсатында мазмұнды реттейтін нормативті - құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, Моделді іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына (2020 жығы 24 қыркүйектегі № 412 өзгерістер енгізу туралы бұйрығы.),Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұны қайта қаралып бекітілді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды үлгілік бағдарламаның міндеттеріне сәйкес балалардың физикалық коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік- эмоционалдық дағдыларын қалыптастыруды жүзеге асыру мақсатында балабақшаның жылдық жоспарлары құрылып аудандық білім бөлім басшысымен, балабақша меңгерушісімен бекітілді. Балалардың даму деңгейлері бойынша мониторинг жүргізілді.

«Bal-Aiym2» бөбекжай -бақшасында 3 топ жұмыс жасайды.

Оқыту тілі қазақ тілінде жүргізіледі.

Кіші топ (2 жастан бастап) - “Балапан” топ;

Ересектер тобы (4 жастан бастап) - “Қызғалдақ” топ.

Аралас тобы (2 – 3 жастан бастап) - “Күншуақ” топ:

Барлық педагог мамандар саны: 8

Басқа педагогтар:0

Білім деңгейі:

Жоғарғы білімді: _____ - _____ %

Арнаулы орта білімді: _____ - _____ %

Санаттық керсеткіші:

Педагог - зерттеуші: _____ - _____ %

Педагог - сарапшы: _____ - _____ %

Педагог - модератор: _____ - _____ %

Екінші санатты: _____ - _____ %

Санатсыз: _____ - _____ %

Курсан өту:

2020 жыл - _____ - _____ %

2021 жыл - _____ - _____ %

2022 жыл - _____ - _____ %

2023 жыл - _____ - _____ %

2024 жыл - _____ - _____ %

Балабақшада 3 топ жұмыс жасады:

1. Кіші топ (2 жастан бастап)

Былғы оқу жылында ұйымдастырылған іс-әрекетке төмендегідей көлемде сағат алынды:

1. Кіші топтарда: Дене шынықтыру - 3 сағат, музыка - 1сағат
2. Ересек топтарда: Дене шынықтыру - 3 сағат, музыка - 2 сағат

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты мен мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары бойынша перспективалық жоспар құрылды. Перспективалық жоспарға, күн тәртібіне сай апталық циклограмма жазылды.

2025 – 2026 оқу жылына қойылатын мақсаттар мен міндеттер:

Мақсаты: Мектепке дейінгі жастағы балалардың физикалық, танымдық, коммуникативтік, белсендігін дамытып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу міндеттері:

- Балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін,қауіпсіз дамытушы орта құру;
- Ойын арқылы балалардың шығармашылық қиялын, коммуникативтік және танымдық қабілеттерін дамыту; эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру; «Жеті ойыншық» авторлық жобасы мен көркем әдебиет арқылы адамгершілік - рухани тұрғыда балаларды жан-жақты тәрбиелеп, Отанды, ана тілін сүйуге, патриотизмге баулу;
- Балабақша мен ата-аналардың ынтымақтастығын арттыру.

№	Педагогтың аты жөні	Мерзімі	Өткен жері	Тақырыбы
1		01.08 - 02.09.2022	ҚРБЖҒМ "Өрлеу" біліктілікті арттыру ұлттық акционерлік қоғамы	ҚР Мектепке дейінгі педагогтардың біліктілігін арттырудың "баланы ерте жастан дамыту бағдарламасы бойынша 170 академиялық сағат көлемінде курсты аяқтады.
2		05- 15.09.2022	ҚРБЖҒМ "Өрлеу" біліктілікті арттыру ұлттық акционерлік қоғамы	"Мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында АКТ технологияларды қолдану"
3		17- 28.04.2023	ҚРБЖҒМ "Өрлеу" біліктілікті арттыру ұлттық акционерлік қоғамы	"Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын құзыреттіліктерін дамыту"

Басқару қызметі:

Балабақша жоспары бойынша төмендегі тақыыптарда педагогикалық үрдісті түрлендіру және педагогтарға әдістемелік көмек көрсету мақсатында күнделікті, тақырыптық, оперативтік бақылаулар мен басшылық жасалды:

- Жаңа оқу жылындағы оқу қызметінің негізі бағыты
- Бес білім беру салаларына сай дамытушы орталардың жасақталуы
- Топтарды дайындау және безендіру сапасы
- Режимдік сәттер
- Балалардың денсаулықтарын нығайту жұмыстары
- Қыркүйек айының индикатор мониторингінің нәтижесі
- Тамақтану кезіндегі балалардың мәдени - гигиеналық талаптарының сақталуы
- Педагог мамандардың картатекаларын жасақтау
- Аттестацияға өтініш берген педагогтардың білім іскерлігі мен құжаттардың жүргізілуі

- Циклограммаға сай күн тәртібінің орындалуы
- Мектеп жасына дейінгі балалардың ойын әрекетін ұйымдастыруы
- Мектепке дейінгі жастағы балалардың адамгершілік, патриоттық сезімдерін қалыптастыру
- Ата-аналармен жұмыс
- Балалардың әр түрлі іс-қимылдарын ұйымдастыру кезінде техника қауіпсіздігін сақтау
- Тәрбиеленушілердің балабақшаға келу деңгейін бақылау
- Балалардың тілдік құзыреттіліктерінің қалыптасуы
- Балабақшадағы психологиялық, медициналық, музыкалық қызметін ұйымдастырылуы.

Мемлекеттік стандарттың білім салалары бойынша балалардың білім деңгейінің мониторингі бақылау мен басшылық жоспарға сай жүргізіліп, бақылау жұмысының анықтамалары жазылып жинақталды.

Ғылыми-әдістемелік қызмет

Балабақшадағы әдістемелік қызмет жылдық жоспарға сай өткізілді жыл бойы 5 педагогикалық кеңес, 4 әдістемелік кеңес өткізілді.

№ 1 педагогикалық кеңес:

- Балабақшаның жаңа 2025 – 2026 оқу жылына дайындығы
- Балабақшаның 202 – 202_ оқу жылындағы өзгерістер
- 2025 – 2026 оқу жылына ересек «Қызғалдақ», «Балапан» кіші «Күншуақ» топтарының қыркүйек айына арналған перспективалық жоспарларын талқылап бекіту.
- Баланы ерте дамыту бағдарламалары.

№ 2 педагогикалық кеңес:

- Ақпараттар: Алдыңғы педкеңестің шешімін жүзеге асыру.
- Мектепке дейінгі жастағы балалардың өміріндегі ойынның маңызы.
- Мемлекеттік қызмет көрсету, аттестаттауды өткізу тәртібімен таныстыру.
- Балабақшадағы дамытушы органы балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, құру жолдары.
- Режимдік сәттер. Балалардың денсаулығын нығайту жұмыстары (бақылау қорытындысы)

№ 3 педагогикалық кеңес:

- Ақпараттар: Алдыңғы педкеңестің шешімін жүзеге асыру.
- Ерте жастағы балалардың дамуындағы ойын және әлеуметтік дағдыларын қалыптастыру.
- Қазақстан Республикасының тіл туралы заңының орындалуы.
- Даму бағдарламасының 202_ – 202_ жылында орындалуына талдау.
- Мектепке дейінгі жастағы топтарда серуенді жоспарлап ұйымдастыру.
- Қыркүйек айының индикатор мониторингінің нәтижесі (бақылау қорытындысы)

№ 4 педагогикалық кеңес

- Ақпараттар: Алдыңғы педкеңестің шешімін жүзеге асыру.
- Мектепке дейінгі жастағы балалардың тілдерін дамытудағы көркем әдебиеттің маңызы.
- Ерте жастағы балалардың сенсорлық қабілеттерін ойын арқылы дамыту жолдары.
- Мектеп жасына дейінгі балалардың ойын әрекетінің ұйымдастырылуы (бақылау қорытындысы).
- Тренинг жаттығу

№ 5 педагогикалық кеңес

- Ақпараттар: Алдыңғы педкеңестің шешімін жүзеге асыру.
- 202_ – 202_ оқу жылының оқу-тәрбиелеу қорытынды сараптамалары (жылдық есеп).
- Барлық топ тәрбиешілерінің, мамандардың жылдық есебі.
- Мемлекеттік стандарттың білім салалары бойынша мониторинг (бақылау қорытындысы).
- Жаз мезгіліне арналған жоспарды бекіту.

Әдістемелік кеңестер:

Әдістемелік кеңестерде төмендегідей тақырыптардағы сұрақтар қаралды:

- 202_ – 202_ оқу жылына топтарының қыркүйек айына арналған перспективалық ересек «Қызғалдақ», «Балапан» кіші «Күншуақ» топтарының жоспарларын талқылап

бекіту, «Балабақшадағы ойын технологиясы», «Балабақшада балалар тілін дамытуда көркем әдебиетті тиімді қолдану жолдары», «Мектеп жасындағы балалармен ұлттық ойындарды ұйымдастыру», «Табиғаттың баланың дамуына әсері және онымен қарым-қатынас кезіндегі қауіпсіздік», «Мектепке дейінгі жастағы балалардың ұйымдастырылатын музыкалық іс-шаралар», «Мектепке дейінгі жастағы балалардың танымдық шығармашылық қабілеттерінің қалыптасуы», «Балабақшадағы инновациялық технологияларды тиімді қолдану» сонымен қатар әдістемелік кеңестерде бақылау қорытындылары қаралды.

Консультациялық пункт жұмысы

Консультациялық пунктін жоспарына сәйкес төмендегі шаралар өткізіліп материалдары жинақталды, атап айтсақ балабақша тәрбиешілері _____ ұйымдастыруымен «Баланы балабақшаға қалай дайындау керек» тақырыбы бойынша кеңес берілді. Сонымен қатар қыркүйек айында балабақша меңгерушісі С.Сейлова мен әдіскер Г.Айқодықова «Достар әлемі» тақырыбында балабақшаға жаңадан келген балалардың ата-аналарымен балабақшаға саяхат жасап, балабақша жұмысымен таныстырып өтті, соның ішінде ұлттық нақыштағы «Жеті ойыншық» топтамасымен, психолог, медбике жұмыс бағытарымен таныстырды. Қазан айында «_____» кіші тобының тәрбиешілері _____ мен _____ «Кел танысайық» тақырыбында ата - аналармен тренинг өткізді. Негізгі мақсаты топ ата-аналарының басын біріктіру. «Күншуақ» тобы тәрбиешісі Ж.Алдабергенова «Менің көңілді добым» (доппен ойындар) тақырыбында балалармен ойындар, медбике Л.Беденкулова ата-аналарға «Денсаулық күн тәртібі» тақырыбында кеңес берді. Ата-аналар балалармен бірлесіп кішкентай кітапшалар топтарындағы кітап бұрышын толықтырды. Тәрбиешілер Н.Ерғалиева мен А.Жаоғасбаева «Секіру» қимыл-қозғалыс ойындарын өткізді. Наурыз айында Ж.Алдабергенова мен Балабақша әдіскері Г.Айқодықова ұлттық тәрбиені дәріптеу мақсатында «7 ойыншық» топтамасындағы ұлттық бұйымдармен таныстарды. «Күншуақ» тобының тәрбиешілері «Кішкентай көмекшілер» тақырыбында кіші жастағы балаларды ұсақ моторикаға дамыту ойындарын өткізді.

Балалармен жұмыс: Бейімделу кезінде балалардың тәрбиешілеріне кеңестер берілді, ата-аналарымен әңгіме жүргізілді, кіші топтардың ата-аналарына «Баланың Балабақшаға бейімделуі» туралы яғни үйдегі баланы Балабақшаға әкелгенде оңай қабылдау үшін, оған қандай көмек көрсету қажет екенін ата-аналарға әртүрлі психологиялық кеңестер ұсынылды.

Балалардың таным қабілеттерін (қабылдау, зейін, ес, ойлау, қиял) даму деңгейін анықтау мақсатында жылына екі рет «Ағымдағы» және «қорытынды» диагностикасы Н.Н.Павлова, Руденконың әдістемесімен жүргізілді. Диагностика жүргізу арқылы балалардың танымдық қабілеттерінің және даму деңгейлері жас ерекшеліктеріне сәйкестігі тексеріліп анықталды «Көрсет және айт» әдісі, «Кім қай үйде тұрады» әдісі, «Қиылған суреттер» диагностика қорытындысы бойынша ойлау, есте сақтау, қабылдауы, зейіні төмен балалар анықталып, танымдық іс-әрекетін дамыту және түзету «Ойна да дамыт!» жоспары құрылып, дамыту жұмыстарына алынды. Түзете - дамыту ойын - жаттығу нәтижесінде балалардың танымдық қабілеттерінің деңгейі ілгеріленгені байқалады. Балалар ойын жаттығуларға белсенділікпен, қызығушылықпен қатысты. Топтарда балалардың көңіл-күйлерін көтеру мақсатында «Зейінді бол», «Тілек», «Молекула», «Мейірімге толы сөздер» ойын – жаттығулар жүргізілді.

Ересек «Қызғалдақ» және «Күншуақ» топтарында балалардың отбасындағы эмоционалды саулығын анықтау мақсатында «Отбасы суреті» тесті және желтоқсан айында балалардың тұлға аралық қатынастарын бағалау мақсатында «Екі үй» социометриялық әдістемесі жүргізіліп, хаттамасы толтырылды. Ақпан айында кіші «Балапан» және «Күншуақ» аралас топтарында сурет арқылы балалардың дамуын анықтау суретті тесті жүргізілді.

Педагогтармен жүргізілген жұмыстар ретіне келер болсақ, психологиялық ахуалын жақсарту, көңіл-күйлерін көтеру мақсатында педагогтармен «Сенімділік орнат», «әріптер сейлейді», «Психологиялық денсаулықтың құпиясы», «Кәсіби этика», «Балабақшадағы мінез-құлық» тренингтері өткізіліп, «Ерте жастағы балалардың дамуындағы ойын және әлеуметтік дағдыларын дамыту» тақырыбында баяндама оқылды. «Эмоционалды күйзеліс деңгейі» тесті жүргізілді. Сонымен қатар тәрбиешілерге диагностика бойынша кеңес «Қызғалдақ» ересек тобы тәрбиешілеріне «Баланы балабақша жағдайына бейімдеу», ақпан айында тәрбиешілерге «Егер бала жиі өтірік айтатын болса», «Күншуақ» тобы тәрбиешілеріне «Бала неге жылайды» тақырыптарында кеңестер берілді.

Ата-аналармен жұмыс: Бөбекжай - бақша ата-ана байланысын жақсарту мен тәрбиешілердің ата-аналарымен байланысы, қарым-қатынасын нығайту мақсатында балабақшада ата-аналарға ақыл - кеңестер беріліп, тренингтер жүргізіліп отырды. «Отбасым бақытым», «Отбасы-өмір «Біз туралы мәлімет», «Құрбым», «Егер сіз...» тренингтері жүргізілді. Сәуір айында ересек топтары ата - аналарымен «Балаңыз мектепке дайын ба?» сауалнамасы жүргізілді.

Оқу үдерісін ақпараттандыру

Балабақша екі желімен интернетке шығады, Instagram, facebook әлеуметтік желілерде парақшалары, bal-aiym2 сайты мен bal-aiym2@mail.ru электронды поштасы, Балабақша кәсіподақ ұйымының да bal-aiym2 Instagram парақшасы бар. Балабақша туралы мәліметтер мен өткізілген іс - шаралар туралы мәліметтер осы әлеуметтік желілер мен сайтта орналастырылған.

Тәрбие мен білім беру қызметі

2024 – 2025 оқу жылының жоспарына сай балалардың физикалық, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік - эмоционалды дағдыларды дамыту мақсатында «Тепе-теңдікті сақтау», «Сюжетті рөлді ойындар», «Менің көңілді добым», «Көңілді пішіндер мен сандар», «Ерте, ерте ертеде», ойындарды ұйымдастырып өткізді.

Жыл бойы балабақшада төменгі тақырыптарда іс-әрекеттер ұйымдастырылып өкізілді: «Менің отбасым», «Өскенде мен кім болам?», «Жолда жүру ережелері», «Өлең достығы», «Дос болайық бәріміз», «Ұлттық ойындар», «Мақал - мәтелдер», «Әдептілік еліне саяхат», т.б.

Балалармен өткізілген жұмыстар Балабақшаның жылдық жоспарына сай ертенгіліктер, ойын сауықтар өткізілді. Тіл мерекесіне орай ересек топтармен «қазақ тілі» қоғамының төрайымының жүргізуімен «Ана тілім - қазынам» атты ертенгілігі өз мәнінде өтті. Отбасы мерекесіне «Отбасы бақытың қалай түсінесіз?» атты инстаграмма желіне ата-аналардың видеосы жіберілді, бірге отбасы - тіршіліктің тірегі және адамның өте маңызды, өте жауапты жаңұясы, ал балалар баға жетпес байлығы екендігін дәлелдеу үшін «Отбасым-бақытым» атты пікірталас өтті. «Алтын күз» мерекесі барлық топтарда өткізілді. Ересек топтар ертенгілігіне ата-аналар қатыстырылды. Жаңа жыл ертенгіліктері де өз дәрежесінде барлық топтарда өтілді. Аналар мерекесі де барлық топтарда өткізілді, ата-аналар ертенгілікке қатысты. Наурыз бен мамыр мерекелерінде балалар әндер айтып, би билеп, жеңіл әндерді орындады.

Рухани жаңғыру бағдарламасын іске асыру мақсатында өткізілген тәрбие жұмысы

Еліміздің ертенгі болашағы - бүгінгі өсіп келе жатқан ұрпақ. Сондықтан ұрпақ тәрбиесіне аса жауапкершілікпен қарау баршамызға жүктелер міндет болмақ. ұлттық нақыштағы бала тәрбиесіне қолдануға тиімді ойыншықтың бірі - «Жеті ойыншық» жобасы авторы Сакен Касықбайұлы Болысов. Бұл ойыншықтарды тәрбие барысында қолдану өте тиімді, әрі бала тәрбиесінде үлкен жетістіктерге жетудің бір жолы. «Рухани жаңғыру сәби шақтан» мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған «Жеті ойыншық» атты заманауи инновациялық-дидактикалық материалдарды «Жеті ойыншық» авторлық

жобасы бойынша дайындалған «Тіл-казына», «Зияткер», «Ұлы дала ұланы», «Зерделі ұрпақ», «Ұлы дала сазы», «Ғажайыптар мекені», «Ұлы дала ұлағаты» сенсорлық дамыту аймақтары арқылы балаларда қазақ халқының салт-дәстүріне, ұлттық аспаптарына қазақтың киіз үйіне деген қызығушылықтары туындайды. «Жеті ойыншық» балалардың танымдық, логикалық қабілеттерін арттыруға да септігін тигізеді анық, олардың күздіреттілігін қалыптастыруда зерттеу жұмыстарының маңызы өте зор. Көптеген зерттеулер балалардың көзқарасын кеңейтуде және қасиеттерінің дамуына әсер етеді. Оның әрбір жұмысы ой белсенділігін қажет етеді. Сикырлы сандар және сенсорлық аймақтар, байланыстылық туралы түсінік қалыптастыру, тиісті амалдарды меңгеру ересек тобындағы балалардың көрнекті - бейнелі ойлауын жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Балалардың физикалық, коммуникативтік, танымдық және зияткерлік, шығармашылық, әлеуметтік эмоционалды біліктері мен дағдылары даму деңгейіне 202_ – 202_ /қыркүйек, қаңтар, мамыр/ айларында индикатор жүйесі бойынша мониторинг жүргізіліп балалардың даму карталары толтырылды.

Ата-анамен жұмыс: Барлық топтарда ата - аналар жиналыстары жоспарға сай өткізіліп хаттамалары жазылып, құжаттары жинақталған. Отбасы күніне орай «Отбасын қалай түсінесіз» атты бейнехабарлама түсіріліп, әлеуметтік желіге салынды. Және ата-аналармен «Отбасым-бақытым» атты т.б. іс-шара өткізілді. Күз мерекесіне ата-аналармен ересек топтар арасында «Күз ханшайымы-2022»атты сайыс және де жоспарланған іс - шаралар өткізілді.

Ұжыммен жұмыс: қыркүйек айында балабақшаның «Қазақ тілі» қоғамы мен кәсіподақ ұйымдарының ұжымдастармен «Туған тілім-тірегім» атты А.Байтұрсыновтың 150 жылдығына орай кеш өткізілді. Ұжымдастар түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының шығармаларын, мысалдарын оқыды. Көрісу күні балабақшамызда ерекше өтті. Таңертеңнен барлық ата - аналармен көрісіп, басқа ұжымдарды қарсы алдық. Ұлы мерекеміз Наурызда ұжымда үлкен мереке «Келіндер сайысы» өтті. Ұжым ауызбіршілігі, ұйымшылдығы осы жерден керінді. Алдағы жылда да алар асуларымыз көп болсын!

II. Жаңа 2025 – 2026 оқу жылына қойылатын мақсаттар мен міндеттер:

Мақсаты:

Мектепке дейінгі жастағы балалардың коммуникативтік физикалық шығармашылық қабілеттерін дамытып ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу

Міндеттері:

Балалардың денсаулығын нығайтып, өмірін қорғау қауіпсіз дамытушы орта құру

Ойын арқылы балалардың коммуникативтік физикалық танымдық қабілеттері мен шығармашылық дамыту әлеуметтік эмоционалды дағдыларын қалыптастыру

«Жеті ойыншық» авторлық жобасы мен қазақ халқының салт дәстүрлері арқылы балаларды патриотизмге отансүйгіштікке тәрбиелеу

Балабақша мен ата-аналардың ынтымақтастығын арттыру

Бөлімдер	айлар											Жауаптылар орындау мерзімі	ескертулер	
	08	09	10	11	12	01	02	03	04	05	06			
Дене шынықтыру ҮІӨ			дш	дш				дш					тәрбиешілер	Іс әрекет үлгілік оқу жоспарына сәйкес
Режимдік сәттер		рс				рс							=====	РС күн тәртібіне сәйкес
Денсаулық күні			дк						дк					Тақырыбы мен өткізу түрі жылдық міндеттерге

1 Ата-аналармен бірлескен әрекет ата-аналар жиналысы конференциялары		аж				аж					—	тәрбиешілер	Мамыр айында ата-аналармен жиналысы конференция түрінде өткізіледі
Ата-аналарға арналған консультациялық пункт			акп			акп						тәрбиешілер	АКП жыл бойы жұмыс істейді. Қыркүйек, қаңтар, мамыр айларында АКП –нің ұй-ру аралық және қорытынды жұмыстарына талдау жасалады
Бірлескен іс-шаралар		бш		бш		бш					—	тәрбиешілер	Ата-аналардың қатысуымен іс-шаралар
2 мектеппен сабақтастық		мс		мс		мс						Топ тәрбиешілері	Әр МДҰ мектеппен жұмыстың түрлері мен әдістерін өз бетінше жоспарлайды
Кешенді бақылау			мс			мс						тәрбиешілер	Жедел бақылау салыстырмалы бақылау
Салыстырмалы бақылау				сб								тәрбиешілер	Салыстырмалы бақылау өзін-өзі бақылау және бақылаудың басқа түрлері қар-тын мәселелерге сәйкес әкімшілік және өндірістік жиналыстарға жоспарланады. Кешенді бақылау және тақырыптық бақылау пед-лық және әдістемелік кеңестерге жоспарланады. Әдістемелік кеңес аясында аттестаттаудан өтетін педагогтерді бақылау шығармашылық тобымен және жас мамандармен жұмыс жүргізіледі
Тақырыптық бақылау		тб				тб						тәрбиешілер	
Жедел бақылау			то									тәрбиешілер	

III. Педагог мамандармен жұмыс

Мақсаты: Қазіргі заман талаптарына сәйкес мектепке дейінгі білім берудің мазмұнның сапасын және педагогтардың кәсіби біліктілігін арттыруға жағдай жасау

- 1) Педагог мамандар туралы мәлімет
- 2) Педагог мамандардың біліктілігін арттыру

Мақсаты: тәрбие-білім беру үдерісінің деңгейін арттыру, педагогика ғылымының жетістіктері мен озық тәжірибені практикада пайдалану үлгісінің ұжымының күш-жігерін біріктіру.

№	Күн тәртібі	Откізу күні	жауапты
<p>1. № 1 Педагогикалық кеңес Нұсқаушы «№ МДҰ» МКҚК жана оқу жылы қарсаңында» Өткізу нысаны: отырыс</p>	<p>1. Ұжымды жана 20__/20__ оқу жылына арналған мақсағтар мен міндеттермен таныстыру. 2. Тәрбиешілерді жана оқу жылына арналған сабақтар торымен таныстыру. 3. Әдістемелік кеңес мүшелерін тандау 4. Кадрларды орналастыру 5. Педагогтердің біліктілігін арттыру, аттестаттау курстарынан өту кестесімен танысу (педагогтердің тізімін бекіту). 6. Жас педагогтарға тәлімгерлікті ұйымдастыру; педагог-тәлімгерлерді анықтау. 7. Педкеңес міндеті: 30.09.20__ ж. дейін өткізу:</p> <ul style="list-style-type: none"> • «Балалар және төтенше жағдайлар» ТЖ сабағы (реферат, фотоесеп); • «Балалар достасады, тілдер достасады!» балалар сурет конкурсы (Қазақстан халықтарының тілдері күніне) 	Тамыз	Менгеруші, әдіскер, тәрбиешілер, педагогтар
<p>2. № 2 Педагогикалық кеңес «Білім беру процесінде инновациялық технология қолдану» Өткізу нысаны: Дөнгелек үстел</p>	<p>1. Алдыңғы педагогикалық кеңестің тапсырмасының орындалуын талдау. 2. «МДҰ-да ойын технологиясы» хабарлама 3. Мектеп жасына дейінгі балаларды оқытудағы даму технологиялары (презентация). 4. «Мектеп жасына дейінгі балалардың қолының ұсақ моторикасын дамыту үшін ойын технологияларын қолдану» шеберлік сыныбы (жас топтардың тәрбиешілері). 5. Педкеңес міндеті:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Тәуелсіздік күніне арналған суреттер көрмесі. • «Біздің жана жылдық ғажайып» колөнер байқау - конкурсы 	Қараша	Менгеруші, әдіскер, тәрбиешілер, педагогтар
<p>3. № 3 Педагогикалық кеңес «Педагогикалық ассамблея». Өткізу нысаны: озық</p>	<p>1. Алдыңғы педагогикалық кеңестің шешімін орындау нәтижелері. 2. Үлгі бағдарламаның мазмұнын игеру бойынша мониторинг</p>	Қаңтар	Менгеруші, әдіскер, тәрбиешілер, педагогтар

<p>педагогикалық жұмыс тәжірибесінің презентациясы</p>	<p>нәтижелері.</p> <p>3. «Қазақ халқының халықтық салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы мектеп жасына дейінгі балаларды патриоттық тәрбиелеу» хабарламасы</p> <p>4. «Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін ойын арқылы дамыту».</p> <p>5. «Мектеп жасына дейінгі баланың танымдық құзыреттілігін ойын арқылы дамыту»</p> <p>6. Ересек мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық мәдениетін тәрбиелеу құралы ретінде эксперименттік қызмет».</p> <p>7. «Дене шынықтыру бойынша балабақшадағы тыныс алу жаттығулары».</p> <p>8. Педкөнеc міндеті:</p> <ul style="list-style-type: none"> • 01.02-28.02.20 ж. «Ғажайып қыс» қар фигуралары көрмесін өткізу. • 8 наурызға колөнер және «Наурыз келеді!» шығармашылық жұмыс көрмесін ұйымдастыру. 	
<p>4. № 4 Педагогикалық кеңес «Мектеп жасына дейінгі балалардың әлеуметтік-коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыру»</p> <p>Өткізу нысаны: сұхбат</p>	<p>1. Адыңғы педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуын талдау.</p> <p>2. «Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған әдіс пен тәсілдер» (презентация).</p> <p>3. «Ойын – әлеуметтік мінез-құлықты, өзін-өзі көрсетуді қалыптастыру құралы ретінде» жұмыс тәжірибесінен (презентация).</p> <p>4. «Балалармен қарым-қатынасты қалыптастыру бойынша тәрбиешілерге арналған ұсыныстар» (презентация).</p> <p>5. Педкөнеc міндеті:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Патриоттық тәрбие бойынша папканы тексеруге дайындау. • Гүл көшеттерін өсіру. • 01.05-не «Біздің сүйікті Қазақстан» байқау – конкурсы (үздік ұлттық бұрыш конкурсы) 	<p>Наурыз</p> <p>Менгеруші, әдіскер, тәрбиешілер</p>
<p>№ 5 Педагогикалық кеңес</p>	<p>1. Адыңғы педагогикалық кеңестің шешімдерінің</p>	<p>Маусым</p> <p>Менгеруші, әдіскер.</p>

<p>«Оқу жылының қорытындысы» Өткізу нысаны: Дөңгелек үстел</p>	<p>орындалуын талдау. 2. Үлгі бағдарламаның мазмұнын игеру бойынша мониторинг жүргізу туралы есеп. 3. Балалардың даму деңгейінің психологиялық диагностикасы. 4. Тәрбиешілерді жазғы сауықтыру маусымына арналған жұмыс жоспарымен таныстыру. Сабак торын, күн тәртібін бекіту.</p>		<p>барлық жас тобы тәрбиешілері, мамандар, педагог-психолог</p>
--	--	--	---

2. Әдістемелік кеңестер

Мақсаты:

- Педагогтардың кәсіби шеберлігін арттыру.
- Оқу-тәрбие процесін жақсарту, инновациялық технологияларды енгізу.
- Балабақшадағы білім беру үдерісінің сапасын арттыру.

Міндеттері:

- Педагогтардың біліктілігін арттыруға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру.
- Жана педагогикалық технологияларды зерделеу және енгізу.
- Оқу-тәрбие жұмысының әдістері мен мазмұнын жетілдіру.

Әдістемелік кеңес жоспары

Іс-шараның атауы	Мақсаты	Өткізілу мерзімі	Жауапты тұлғалар	Қатысушылар
1. Әдістемелік кеңестің жылдық жұмыс жоспарын бекіту	Жылдық жоспарды талқылау және бекіту	Қыркүйек	Әдіскер, кеңес мүшелері	Педагогтар
2. "Жанартылған бағдарлама бойынша оқыту әдістері" семинары	Жанартылған бағдарламалар бойынша оқыту әдістемелерін түсіндіру	Қазан	Әдіскер, кеңес мүшелері	Педагогтар
3. Тәрбиешілердің кәсіби құзыреттілігін дамыту	Тәрбиешілердің кәсіби біліктілігін арттыруға арналған тренинг	Қараша	Психолог, әдіскер	Тәрбиешілер
4. "Инновациялық технологиялар – сапалы білім берудің негізі" тақырыбында дөңгелек үстел	Инновациялық технологияларды енгізу жолдарын талқылау	Желтоқсан	Әдіскер, кеңес мүшелері	Педагогтар

Іс-шараның атауы	Мақсаты	Өткізілу мерзімі	Жауапты тұлғалар	Қатысушылар
5. Әдістемелік портфолио құрастыру бойынша шеберлік сағаты	Педагогтардың жеке әдістемелік портфолиосын құруды үйрету	Қантар	Әдіскер, кеңес мүшелері	Педагогтар
6. Ұйымдастырылған іс – әрекетті талдау	Өткен ашық ұйымдастырылған іс – әрекет пен іс-шаралардың сапасын бағалау және талдау	Ақпан	Әдіскер, кеңес мүшелері	Педагогтар
7. "Ұлттық тәрбие – ұрпақ негізі" тақырыбында семинар-практикум	Ұлттық құндылықтар негізінде тәрбие беру әдістерімен танысу	Наурыз	Әдіскер, кеңес мүшелері	Педагогтар
